

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспекторлардың актілерінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 894 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2024 жылғы 25 маусымдағы № 242 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 27 маусымда № 34601 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспекторлардың актілерінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 894 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12144 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы акт;"

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі*

Ч. Аринов

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2024 жылғы 25 маусымдағы
№ 242 Бұйрыққа
қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму

министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 1 қыркүйектегі
№ 894 бұйрығына
2-қосымша
Үлгі

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оларға тыйым салу туралы № ___ акт

20___ жылғы "___" _____
"___" сағат "___" минут _____ толтыру орны

1. Жедел ден қою шарасының түрі

2. Мемлекеттік бақылау және қадағалау органының атауы

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оларға тыйым салу туралы актіні құрайтын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы _____

4. Бақылау және қадағалау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және оның басшысының тегі,
атты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), сондай-ақ

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметінің жекелеген түрлерін

тоқтата тұру не оларға тыйым салу туралы актіні ресімдеу кезінде қатысқан бақылау

және қадағалау субъектісі өкілінің лауазымы

5. Жедел ден қою шарасын қолдану негізі

6. Жедел ден қою шарасының қолданылу мерзімі (қажет болған кезде)

7. 20__ жылғы " ____ " _____ " ____ " сағат " ____ " минут пломба салынды.

8. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оларға тыйым салу туралы актіні алу немесе алудан бас тарту

туралы мәліметтер (күні мен бақылау және қадағалау субъектісі басшысының немесе

бақылау және қадағалау субъектісі өкілінің қолы)

9. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оларға тыйым салу туралы актіні ресімдеген лауазымды адамның қолы
